

Экскурсияны жүргізу әдістемесі

Орындаған:
Кемелжан Дильназ
Рымбекова Дана
201 топ

Экскурсиялық әдістеме - бұл экскурсияға деген талаптар мен ережелер жиынтығы, сонымен қатар әр түрлі тақырыптарға және әр түрлі адам топтары үшін әр түрлі экскурсиялар дайындау және өткізудің әдістемелік тәсілдерінің жиынтығы. Экскурсияны жүргізу әдістемесі экскурсанттарға экскурсия материалын жеңіл түсінуге көмектесуге бағытталған.

Әдістемелік тәсілдер өз ішінде
көрсетілім және **әңгімелеу**
тәсілдері болып бөлінеді.

Әдістемелік тәсілдерді орынды
және сапалы пайдалана білу
экскурсоводтың кәсіби
шеберлігін құрайды.

Көрсетілім тәсілдері - экскурсанттардың дүниетанымына сүйене отырып, экскурсиялық объектіні қоршаған ортадан ерекшелеп, бақылауды ұйымдастыру үшін бағытталған тәсілдер жиынтығы.



Әңгімелеу тәсілдері - экскурсанттарда көру ассоциациясын тудыратын жағдайда экскурсиялық объектілерді сипаттауға бағытталған тәсілдер жиынтығы.



Экскурсиондық объектіні алдын – ала көрсету тәсілі.

Объектіге экскурсанттардың ықыласын алдын ала тексеру, материалдың көрермен және акустикалық қабылдауына, олардың ойлауын дайындауға бағыттауға мүмкіншілік береді. Объектіні көрсету әңгімеге негізделеді.

Бұл тәсіл экскурсанттар объектінің қасында тұрғанда қолданылады. Алдын-ала көрсету тәсілі келесі мәселелерді қарастырады:

- 1) қарастырып жатқан объектінің тарихын және сонымен байланысты тарихи оқиғаларды алдын-ала қарастырады;
- 2) экскурсиондық объектіге баға беру, әсіресе ол архитектуралық ескерткіш болса;
- 3) экскурсиондық объект табиғи ескерткіш болса, қоршаған табиғатқа баға беру.

Панорама тәсілі. Бұл тәсіл экскурсанттарға объектіні биіктіктен көруге мүмкіндік береді. Панорамалық тәсілде экскурсанттар бір ғана объектіні емес, бірнеше объектіні қарастырады. Экскурсоводтар панорамалық тәсілде көптеген объектінің ішінде негізгі объектілерді таңдап алып, экскурсанттарға көрсетеді.



Реконструкциялық тәсіл. Бұл тәсілде экскурсиялық объектілерді экскурсовод алғашқы түрін сөзбен айтып жеткізеді. Бұл тәсіл соғыстар, қозғалыстар, революция болған жерлерді көрсеткенде қолданылады, соған қоса ескерткіштерді, ғимараттарды және мекемелерді көрсеткен кезде қолданылады.



Монтаж тәсілі. Бұл тәсіл реконструкция тәсіліне ұқсас келеді. Монтаждық тәсілдің көмегімен экскурсовод бір объектіні көрсеткенде, басқа бір объектпен немесе бірнеше объектілерді мысалға келтіреді.



Абстрогирование тәсілі. Бұл тәсілді қолданып экскурсовод объектінің бөліктерін экскурсанттардың ойына мысал ретінде келтіреді. Бұл тәсілдің көмегімен экскурсовод объектінің керек емес бөліктерін көрсетпей, тек қана экскурсияның тақырыбын ашуға көмектесетін бөліктерін көрсетеді.



Экскурсиялық анықтама беру тәсілі. Анықтама тәсілі – экскурсовод туристік объектінің толық анықтамасын береді: қашан ашылғанын, жобаның авторы және қандай қызмет көрсетеді. Экскурсиялық анықтама беру тәсілі визуалды қайта құру әдістері, оқшаулану, абстаркциялаумен бір үйлестікте қолданылады.



Сипаттау тәсілі. Экскурсиондық объектіге сипаттама беру – бұл объектіге және оның сыртқы көрінісіне сипаттама береді. Сипаттама тәсілі ескерткіштерді және тарихи оқиғаларды айтып жеткізгенде қолданылады.



Мінездеме беру тәсілі. Бұл тәсілде экскурсиондық объектінің ерекше тәсілдері және объектінің сапасы қарастырылады. Мінездеме беру тәсілінің айырмашылығы – объектінің танымдылығына, ерекшелене сақталуына баға беріледі.



Комментарий жасау тәсілі. Экскурсовод бұл тәсілді қолданған кезде әртүрлі көріністерге, оқиғаларға, дәлелдерге комментарий беріледі. Оқиғалардың мағынасын түсіндіру кезінде пайдаланады.



Цитата келтіру тәсілі. Экскурсовод бұл тәсілді қолданған кезде көріністерге, оқиғаларға цитата беріледі. Ол шығармалардан өзгертілмей келтірілген сөздер, немесе біреудің сөзін бұзбай қайталау.



Жаңа материалды беру тәсілі. Жаңа материалды беру тәсілі экскурсанттарға белгісіз тақырыпқа қатысты фактілер мен мысалдар айтуынан тұрады. Бұл тәсілді экскурсовод топтың объектіге назарын аудару үшін, қарастырылып отырған объектіні тиімді қабылдау үшін қолданылады.



Назарларыңызға рахмет !